Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	***Ө.Тұрманжановтың «Туған өлке» өлеңін оқып түсінік беру.*** ***Туған өлке*** *Көгінде күн нұрын төккен,* *Жерінде гүл жұпар сепкен.* *Неткен сұлу,неткен көркем,* *Осы менің туған өлкем!* ***Ой қозғау.*** *-Балалар,өлең ұнады ма?* *Не туралы жазылған?* ***Табиғат туралы түсінік беру.(****жер,су,ауа,өсімдіктер,құстар,жануарлар т.б.)* *-Тірі және өлі табиғат туралы түсіндіру.* *Сурет бойынша әңгіме құрастыру.Слайд. Көрсету.*	***Дид ойын: «Кім жылдам? »*** ***Жұмбақ жасыру.*** *Жеміс-жидек жегенім,* *Балды жақсы көремін. (Аю)* *1)Суретпен жұмыс.* ***Сұрақтар ілмегі:*** *-Аю не істеп жатыр?* *-Аюдың баласын баласын не дейміз* *-Не үшін аю қыста ұйқыға кетеді?* ***Ой дамыту.*** *Балалар білесіңдер ма,аюлар қысық ұйқы алдында, жақсылап қоректеніп, денесіне май жинап алады. Содан соң ұзақ ұйқыға кетеді!* ***2)«Қояндар мен көжектер»*** *суретпен жұмыс. балалармен бірге неліктен қояндардың тонының түсі жазда сұр, қыста ақ болатынын талқылау*	***Шығармашылық жұмыс.*** ***Дид ойын:*** ***«Бақаға дос сыйлаймыз»*** ***Миға шабул.*** ***Жұмбақ жасыру.*** *Сулы жерді мекендеп,* *Құрлықта да секеңдеп,* *Шыбын-шіркей аңдиды,* *Жемге қашан жетем деп.* **(Бақа *)*** ***Суретпен жұмыс.*** *Бақа туралы түсінік беру.* ***2 топқа бөлу****.* *1-топ. Үшбұрыш пішіндерден бақаны құрастырады.* *2-топ.Дөңгелек пішінен бақаны құрастырады.* *Балалардың жұмыстарын бақылау.* *Жеке көмек көрсету.* ***Бақа туралы өлеңді жаттау***	***«Құстың ұясы» әңгіме оқып беру, түсіндіру.*** *Әңгіме желісі бойынша балаларға сұрақ қою* *Балалар ойнап жүріп нені көрді?* *Ұяда не бар екен?* *Балалар не істеді?* *Балалапанды үйіне алып келгеннен кейін не болды?* *Әкесінің сөзінен кейін балалар қайтті?* *Балалардың жасағаны дұрыс па?* *Балалар не істеу керек еді?* ***Сергіту сәті:*** *Ал, балалар , тұрайық,* *Алақанды ұрайық.* *Оңға қарай иіліп,* *Солға қарай иіліп* *Бір отырып, бір тұрып,* ***Топқа бөлу.*** *1- ші топ геометриялық пішіндер арқылы құстарға ұя жапсырады.* *2-ші топ қиылған бөлшектер-ден белгілі бір құстың суретін құрастырады.* *2 топқа жұлдызша беру.* .	***Шығармашылық жұмыс.*** ***Дид ойын:*** ***«Ормандағы түлкі»*** ***Миға шабул.*** ***Жұмбақ жасыру.*** *Өзі қу,* *Жүрген жері айқай-шу.* *(Түлкі)* *Тосын сәт.* *Түлкі келеді.* *Балалармен амандасады.* *Көңілсіз.* *Орманда жалғыз қалған.Көп дос керек екенін айтады.* *Балалар түлкіге көмектесеміз бе?* ***Топқа бөлу.*** ***1-топ*** *түлкіні конус жасау арқылы жапсырады.* ***2-топ*** *түлкіні гиометриялық пішіндерден қиып жапсырады.* *Көрме ұйымдастыру.* *Түлкі достары көп болғанына қуанып рахмет айтып қоштасады.* *Балаларды мадақтау.*
Балалармен жеке жұмыс	***Картотека № 20*** ***Дид ойын:*** ***Кеңістікті бағдарлау.*** ***Мақсаты:*** *балаларға ойын арқылы кеңістікті бағдарлай біледі.* *Қуандық Әміржанға ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауды үйрету*	***Картотека №18*** ***Дид ойын:*** ***«Көп және біреу»*** ***Ойынның мақсаты:*** *көп және біреу заттардың тең, тең емес топтарын салыстыра алады.* *Айбек Аялаға төрт түліктің төлдерін дауыстап шақыруға үйрету*	***Картотека № 16*** ***Дид ойын:*** ***«Айырмашылығын тап»*** ***Мақсаты:*** *Балалар екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба біледі; өз ойын айта алады.* *Муратхан Жансаяға теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды айтуға*	***Картотека №17*** ***Дид ойын:*** ***«Төртінші артық»*** ***Ойын шарты:*** *Басқаларына сәйкес келмейтін заттыалып тастауды біледі.* *Кенжебек Ильясқа өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалауға*	***Картотека №*** ***Дид ойын:*** ***«Жол картасын бейнеле»*** ***Ойынның мақсаты:*** *жоғары–төмен ұғымдарын түсінеді.* *Бахытбек Жасминге әскердің міндеті туралы түсініктерді*

			қалыптастыру	*үйрету*	*қалыптастыру*
Серуенге дайындық	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау*				
Серуен	***Картотека №11*** *Күнді бақылау.*	***Картотека №14*** *ауа- райын бақылау*	***Картотека №15*** *Балабақша маңындағы сарғайған шөптерді бақылау.*	***Картотека №17*** *«Күз көрінісін бақылау»*	***Картотека №18*** *Күзгі жапырақтарды бақылау*
	Таңғы серуенді бекіту.				
Балалардың үйге қайтуы	*Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.*	*Ата-анаға: балаға жиі қазақтың ертегілерін оқып беуге ұсыныс айту. Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.*	*Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу. Ата-аналарға балалардың жасаған шығармашылық жұмыстарымен таныстыру.*	*Ата-аналарға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы төлек керек екенін ескерту Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.*	*Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.*

Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы

Білімберуұйымы (балабақша/шағын орталық,мектепалды сыныбы)

Топ: Ересек Бәйтерек топ.

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 14.11 – 18.11.2022ж

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	*Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.*				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	*«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.* *Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер	***Картотека №8*** ***«Бұны қай кезде киеді?»*** *Ойын шарты: суреттегі киімдерді қай мезгілде киетіндігін айтқызу.*	***Картотека № 19*** ***«Гүлдерді күтеміз»*** *Ойын шарты: гүлдерді екіге бөлу,дала гүлдерін газонның қасына іліп,ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою , суреттер бойынша әңгімелету.*	***Картотека №17*** ***«Әдемі гүл»*** *Ойынның шарты: Гүлдерді түстері бойынша жинау.*	***Картотека № 27*** ***«Бұл қай мезгіл?»*** *Ойын шарты: күзгі бау-бақшадағы жемістер мен көкіністердің аттарын атап, пішіндерін, түстерін ажыратады.*	***Картотека №29*** ***«Нан қалай жасалады»*** *Ойын шарты: нанды дастарханға келгенге дейінгі жолын көрсетіп, онда жұмыс істейтін адамдардың еңбегі көрсетіледі.*
	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан				
Таңертенгіжаттығу	*Қазан айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген* ***Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау***				
Таңғыас	*Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.*				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	*Қуанамыз, біргеміз,* *Бөлінбейді іргеміз.* *Аясында достықтың,* *Бір жүреміз күнде біз!*	*Қайырлы таң!* *Ормандар мен далалар.* *Қайырлы таң!* *Достасқан бар балалар.* *Қайырлы таң!* *Біздің бала бақшамыз.* *Қайырлы таң!* *Жора-жолдас, ұл мен қыз!*	*Қоршаған өмір әлемі,* *Не деген көркем, әдемі!* *Сол сұлулықты сақтайық,* *Мадақтайық, мақтайық!*	*Қайырлы таң, құсқа, аңға да,* *Қайырлы таң ,жайдары жанға да,* *Қайырлы таң алға ассын,* *Кешке дейін жалғассын!*	*Ерте тұрып күнде мен* *Тереземді ашамын.* *Сәлем деймін күнге мен* *Шаттық әнге саламын.*

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.	***Суреттер бұрышы, суреттер қарау.*** ***Тосын сәт.*** *Аудио дыбыс. Телефон шырылдау. Құрметті балалар мен Орманшы атаймын. Күз келіп, күн суыта бастады. Сендерге қыс мезгілі болғанда орманға келу қиын болады.Мен сендерді орманыма серуендеп келуге қонаққа шақырамын.* ***Шапалақ әдісі, қуану.*** ***Балалар бүгін бізде ерекше қызықты күн болады . Неге екенін білесіңдер ма?*** ***Өйткені біз орманға шақыру қағазын алдық.*** ***Ой дамыту.*** *Орман дегенде көз алдарыңа не елестейді?* *«Орман дегеніміз неше түрлі ағаштар өсетін жер* *Бұл жерде әртүрлі жабайы аңдар мекендейді, саңырауқұлақтар мен жидектер өседі. Орманда күн сәулесі аз, өйткені онда көптеген ағаштар өседі .* ***Орман туралы мақал-мәтелдер білесіңдер ме?*** *«Орман-байлық пен сұлулық, ормандарыңды күт»* *-«Табиғаттың жауы – орманды қорғамаған адам»* *-«Көп орманды құртпа, аз орманды күт»* *-Ал орманның иесі кім?* *- Орманшы.* ***Жарайсыңдар, бірақ орманға барар алдында нені есте сақтауымыз керек?*** *-Дұрыс, ормандағы тәртіп*	***Музыка.*** ***Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*** ***Дене шынықтыру.*** ***Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша.*** ***Қызығушылықты ояту.*** *Балалар бүгін мен сендерді табиғатпен, оның сырларымен, тосын сыйларымен кездесуге шақырғым келіп отыр.* ***Ой дамыту*** *Табиғат бізге жылдың қай мезгілінде де өзінің кереметін үйретеді.* *Құстар ән айтуды үйретеді.* *Егістік пен бақшадағы аралар бізге еңбек етуді үйретеді.* *Қар тазалыққа, күн мейірімділікке үйретеді.* *Барлық орман тұрғындары берік достыққа үйретеді.* *Жыл бойы табиғаттан көп нәрсені үйрену керек.* *Бізді алда не күтіп тұрғаны және бүгінгі табиғат бізге не үйрететіні сендерді қызықтырады ма?* *Балалар: Иә, бізді қатты қызықтырады.* *Ендеше серуенге шығамыз.* ***Ауа райын бақылау*** *Балалар көңіл күйлерің қалай? (балалардың жауаптары)* ***Ой қозғау.*** *Ал ауа райы қандай, бірге анықтап көрейік. Аспанға қарайықшы.* *Біз күн сәулесінен ләззат аламыз ба?*	***Дене шынықтыру.*** ***Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша.*** ***Қоршаған орта*** ***Тосын сәт. Аудио дыбыс.*** *Күзгі орманнан хабарлама. Құрметті балалар! Мен орманшы атаймын. Күз келіп ормандағы барлық жануарлар қысқа дайындалып жатыр. Сол үшін аңдарға үлкен көмек керек боп тұр .Мен жалғыз өзім үлгере алмай жатырмын. Көмекке келесіңдер ме?* ***Балалар Күзгі орманға саяхатқа барамыз ба?*** *Ендеше мына әнді айтып саяхатқа барайық* ***Музыка.*** ***«Саңырауқұлақ тереміз»*** *(Г. Абдрахманова) әніүйретіледі.* *Би: «Кел, билейік» (Б.Байқадамов, М.Әлімбаев).* *Орманға келу.* ***Тиінге кездесу.Тиін ағаш басында өте көңілсіз.*** ***Тақпақ айту.*** ***Көркем әдебиет.*** ***Кәдірбек Құнпияұлы*** *Ақ тиін-ау, ақ тиін!* *Сауысқаннан сақ тиін,* *Жылы ұяңда жат, тиін,* *Жаңғағыңды шақ, тиін.* *Тиін көңілденіп балаларға саңырауқұлақ жинап беруін өтінеді.* ***Дид ойын:***	***Музыка.*** ***Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*** ***Қазақ тілі*** ***Қазақ тілі жоспары 0бойынша*** ***Қызығушылықты ояту.*** ***АҚТ технологиясымен жұмыс*** ***Үнтаспадан «Ертегілер елінде» әні ойнайды.*** *Көгілдір экраннан сиқырлы таяқша шығады, таяқша «Мен сиқырлы таяқшамын, менімен ертегілер еліне барғыларың келе ме?»* ***Балалар: Я.*** ***Таяқша айналып кетеді.*** *Аюдың дауысы.* ***Тосын сәт***. *Қонаққа үш аю шығады, амандасады.* ***Үш аю:*** *Сендерге өзіміз туралы ертегіні және ойындарымызды ала келдік. Біз ыдыстарымыз бен жиһаздарымызды шатастырып алдық, соны реттеуге көмектесесіңдер ме?* *Балалар: Иә, көмектесеміз.* ***Ой қозғау.*** *Ертегі желісін сурет арқылы түсіндіру.* *-Неліктен үш аю деген?* *Аюлар қандай?* *Олардың ыдыстарының көлемі қандай?* *-Олар қайда өмір сүреді?* *-Маша аюлардың үйіне қалай барды?* *-Ол үлкен ыдыстардан*	***Дене шынықтыру.*** ***Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша.*** ***Қызығушылықты ояту.*** *Балалар бүгін таңертең поштамды тексердім және пошта жәшігінен ертегі кейіпкерлерінің хаттарын, тіпті бір пакет таптым. Оларда не жазғанын білгілерің келе ме?* *Онда Мнемоникалық жолдар бойынша сөйлем құрауға жаттығулар жазған.* ***1.хат: Дид ойын: «Мнемо жолмен сөйлем»*** *Шарты: Мнемокесте арқылы киімдерге сөйлем құрау.* *Мнемо кесте бойынша әңгіме: Менің ойымша, бұл етік, өйткені олар қоңыр, қара және сұр. Олар былғарыдан жасалған, бұл былғары. Олардың баулары, тілі, өкшесі, табаны бар. Етік. күзде,қысқыда,көктемде киіледі.* *(қалпақ, көйлек сөйлем құрау.* ***2-ші хат: Дид ойын: «Түрлі –түсті қалпақ»*** *Білмесбекке достары көптеген түрлі-түсті қалпақ сыйлады.* *Оның достары қандай қалпақ сыйлады?*

	ережесі. ***Орман ережесі*** ***-****Ағаш бұтақтарын сындырмаймыз* *-Біз гүлдерді жұлмаймыз, бірақ оларға сүйсінеміз.* *-Біз бейтаныс жидектер мен саңырауқұлақтарды термейміз және оларды тамырымен жұлмаймыз.* *Біз шу шығара алмаймыз, жануарларды ренжіп қалады.* ***Қызығушылықты ояту.*** *Балалар менің телефонымa Орманшы атай орманға кіретін сиқырлы сөздер жіберіпті* *Балалар сендер біздің орманға тек сиқырлы түрде кіре аласыңдар, мен оны сендерге жібердім.* ***Сиқырлы сөздерді айтайық :*** *Бір, екі, үш иілу* *Бір, екі, үш айналу* *Бір, екі, үш секіру* *Ал сен ормандасың.* ***Ғажайып сәт*** *Ой балалар мынау орманшы атайдың кофе ішетін үселі. Көрдіңдер ме ыдыстарымен кофе тұр. Үстелін дастарханмен жауып қойған. Мына жерге 1,2,3 сандарымен жазылған үш конверт тастап кетіпті.* *-Қай конвертті бірінші ашқанымыз дұрыс деп ойлайсыңдар?* ***Балалар:1 санымен*** *Тапсырма: ағаштарымыздың өсуі мен тіршілігіне не қажет?*	*Бүгін жел соғып тұр ма? Оны қайдан білдік? Түсіндірме жұмыс: Аспанда бұлттар қалқып жүр, әрқайсысы бізге біртүрлі болып көрінуі мүмкін. Күн жиі бұлттардың артына тығылып, тығылмақ ойнағандай болады. Күн бізден жасырынғандықтан, сыртта салқын. Жел ағаштардың бұтақтарын шайқайды, жапырақтары түседі.* ***Тәрбиеші:*** *Бұл қандай мезгіл екенін еске түсірейікші?* ***Көк майсалы көрікті*** ***Алқаптағы көп егін*** ***Бұл күндері киіпті*** ***Сары жібек көйлегін.*** ***Жел тынымсыз гуілдеп,*** ***Болып кетті тым бұзық.*** ***Шуылдайды тал, терек,*** ***Жапырағын жұлғызып.*** *Мына өлең жолдары қандай мезгілді бейнелеп тұр?* *Күз мезгілі несімен ұнайды ?* *Біз ауладағы ағаштарға назар аударайық. Оларға не болады?* *Балалар: ағаштардағы жапырақтардың түсі өзгерді (сары түсті). Жапырақтары ағаштардан түсіп жатыр.* *Тәрбиеші : Балалар , қалай ойлайсыңдар, жел ағаштан жапырақтардың түсуіне көмектесе ме? Тексерейік.* ***«Жел» тыныс алу жаттығуы*** *Жеңіл желдеткіш соғып жатыр - фф* *Жапырақты осылай*	***«Саңырауқұлақтар әлемі»*** ***Саңырауқұлақ туралы түсіндіру.*** *Дайын салынған саңырауқұлақтарды бояу.Тиінмен қоштасу.* ***Денешынықтыру.*** *Балалар жолмен жүру.* ***«Орман аңдары»*** ***1. «Аю»*** *Қолды белге қойып, (қорбандап) табанды нық басып жүру.* ***2. «Түлкі»*** *Қолды жанға ұстап, (қуланып) бір сызықпен жүру.* ***3. «Көжек»*** *Қолды кеуденің алдында иіп, қос аяқпен секіру.* ***4. «Қасқыр»*** *Баяу жүгіру , жылдам жүгіру.* ***Кірпіге кездесу.*** *Кірпі терісіне тығылып көңілсіз жатыр* *Қане тақпақ айтып берсек тиін секілді көңілденіп, басын шығаратын шығар.* ***Тақпақ.Көркем әдебиет*** ***Қадыр Мырза Әли*** *Жатқан кезде быртиып,* *Кірпіге сен көр тиіп.* *Тікірейтіп түрпісін* *Түрегелер үрпиіп.* *Кірпі басын шығарып балаларға алма жинауға көмек керек екенін айтады.* ***Дид ойын: «Кірпіге көмек»*** ***Балаларды топқа бөлу.*** *Қызыл алма* *Сары алма*	*неліктен тамақ іше алмады?* *Жиһаздарының пішіні, көлемі қандай?* ***Топпен жұмыс:*** ***Дид ойын: «Жиһаздар мен ыдыстар»*** ***1-топ:*** *Ыдыстарды жапсыру.* ***2-топ:*** *Жиһаздарды құрастыру.* ***3-топ:*** *Трафарет арқылы аюларды бояу.* ***Ертегіні сахналау:*** ***«Үш аю»*** ***Аюлармен жаттығу жасау.*** ***Тосын сәт*** ***Үнтаспадан «Ертегілер елінде» әнінің жалғасы ойнайды.*** ***Ой балалар бізге тағы қандай ертегі келе жатыр екен. Экраннан.*** *Сәлеметсіздер ме балалар. Мен Ертегі ханшайымымын. Менің ертегідегі досым, ертегі құсын жоғалтып алдым. Оны таба алмай жүрмін. Маған көмек керек. Балалар ханшайымға көмектесеміз бе?* ***Ой дамыту.*** *-Ертегі құсы қандай болады?* *-Олардың түсі неге құбылып тұрады?* ***Сергіту сәті:*** *Ал, балалар, тұрайық Алақанды соғайық.* *Бір отырып, бір тұрып Біз тынығып алайық.*	*Балалар Білмесбекке кім қандай қалпақ бергені туралы мнемоникалық жолдар бойынша сөйлемдер құрайды: Білмесбекке көк қалпақ сыйлады, т.б.* *Осылайша Білмесбек тек көк қалпақ киіп жүрді, ал қалғандары жай ғана бөлмеде шашылып жатты. Бір күні ол барлық қалпақтарды жинауға бел буды, бірақ ол жинай алмады. Қане көмектесеміз бе?.* ***Дид ойын:*** ***«Қалпақтарды жинаймыз»*** *Суретке қарап, бөлмедегі барлық қалпақтарды тауып, сөйлемдер құрау. «Қызыл қалпақ үстелдің астында. Ол үстелдің астынан қызыл қалпақ алды»* *Жасыл қалпақ жоғарыда әлулә тұр.* *Сары қалпақ шкафтың оңжағында тұр.....* ***3-ші хатты ашу.*** ***Дид ойын: «Тігінші кірпінің хаты»*** ***-Келесі хат бізге тігінші кірпіден келді.*** *Ол орман адамдарына киім тігуге шешім қабылдады. Кірпінің кімге қандай киім тіккенін білгілерің келе ме?* *Кірпі тиінге жейде юбка тігіп берді. Кірпі тиінге қандай юбка тіккен?*

	АҚТ технол жұмыс. ***Балалар ағаштар өсу үшін не қажет? Күн, су, ауа.*** ***Күн – жарық көзі.*** *Ағаш жарықсыз өмір сүре алмайды. Ол суретші сияқты жапырақтарды жасылға бояйды. Олардың құрамында ағашқа арналған арнайы «тамақ» бар (жапырақты жасыл ететін хлорофилл дәндері) . Кейбір ағаштар жарық жерлерді жақсы көреді (қарағай, балқарағай, басқалары көлеңкеде өседі.Күзде күндізгі сағат қысқарған кезде, ағаштар сигнал алады - қысқа дайындалу керек.* ***Күн – жылу көзі.*** *Ағаштардың кейбіреулері суыққа шыдаса, басқалары тек жылы жерде өмір сүре алады. Қыста өте қатты аяз болса, өсімдік өліп, қатып қалуы мүмкін. Жапырақтардың пайда болуының басталуы жылудың мөлшеріне байланысты.* ***-Ағаштар да адамдар сияқты су ішеді.*** *Кейбір ағаштар көп ылғалды қажет етеді , ал басқалары аз мөлшерде сумен өмір сүреді. Ағаш суды жаңбырдан алады , жаңбырдан басқа жауын-шашын түрлері бар : қар, шық, қырау, бұршақ. Қар - тамырларды жылы тон сияқты жауып, қатудан сақтайды. Көктемде қар еріген кезде ағаш еріген сумен қоректенеді .*	*шайқайды – ффф (тыныш, еркін дем шығару) Қатты жел соғып тұр ... Жапырақты осылай шайқайды - ффффф...* ***жапырақтың түсуі*** *Баланың алақанына жапырақтар қойып, оны үрлету. Жаттығу кезінде балаға жапырақтың желмен ұшып түсуі туралы мәлімет береу.* ***Тәрбиеші: Балалар сендер кішкентай ғалым болғыларың келе ме?*** ***Танымдық және зерттеушілік әрекеттер.*** ***Тәжірибе №1*** *-Жасыл жапырақты алып, екіге бүктелген ақ матаның ішіне салыңыз. Енді ағаш текшеге жапырақты мата арқылы қатты соғамыз. Тәжірибе барысында не көрдік ? (Матада жасыл дақтар пайда болды) Жапырақтағы бұл жасыл сұйықтық хлорофилл деп аталады және оны жасыл түске бояйды. Тәрбиеші: Балалар , жапырақ неден жасыл болады? Балалар: Күз келіп, күн суытып, күннің жылуы азайған кезде жапырақтардағы хлорофилл мөлшері бірте-бірте азайып, толығымен жойылып кетеді. Тәрбиеші: енді түсіндік бе, неліктен жапырақ сарғайады? Тәрбиеші: Қараңдаршы,*	*Жасыл алма* ***1-топ:*** *Кірпіге қызыл алма жапсыру* ***2-топ:*** *Кірпіге сары алма мүсіндеу* ***3-топ:*** *Қиылған суреттерден кірпіге жасыл алма құрастырып жинау. Кірпімен қоштасу.* ***Сергіту сәті*** *Шарты: көкөніс атын естісе отырады, жеміс атын естісе қолдарын жоғары көтереді.* ***Математика*** ***Аңдарға кездесу. Аудио дыбыс.*** ***Табиғаттың дауысы*** ***Түлкіге кездесу.*** *Құрметті балалар біздің аңдарға Арыстан тапсырма беріпті соған көмек керек. Балалар көмектесеміз бе? Орманда үлкен жарыс болып, аң патшасы арыстан аңдарға бұйрық берді.* ***1-тапсырма:*** ***Дид ойын: «Оң, сол»*** *Алма ағашының оң жағына кірпі, сол жағына түлкі тұрсын депті. Оң жақ және сол жақты білмей тұрмыз.* ***2-тапсырма:*** ***Дид ойын: «Алма жинау»*** *Арыстан алма ағашында тұрған алманы жинап әкелуге, керік пен қоянды жұмсады. Қайсысы алманы тез жинайды, неліктен? Алма қайда өсіп тұр?* ***Сөйлемді дамыту.***	***Үлгі көрсету түсіндіру.*** *Дәстүрден тыс әдіс – тәсілдер арқылы сурет салу және мүсіндеу.* ***Дид ойын:«Біз суретшіміз»*** ***Топқа бөліну.*** ***1-топ:****Трафарет арқылы мақта таяқшасымен ертегі құсын бояу.* ***2-Топ:*** *Дайын картонға салынған құстың үстінене ермексазды жағу. Балалардың жұмысына бақылау жасау. Балаларды мадақтау* ***Ханшайымға суретке түсіріп жіберу.***	*Киімдерді сипаттау, әңгіме құрастыру* ***4-ші хат Машадан келген.*** *Шарты: Жағдаяттар бойынша ойлану..* *• Жазда түкті қалпақ кисеңіз не болады?* *• Қыста шорт пен футболка киіп жүрсеңіз не болады?* *• Жаңбырда тәпішке киіп алсаңыз не болады?* *• ЫстықтаПанаманы кимесеңіз не болады?* *• Желді ауа райында бас киімсіз жүрсеңіз не болады?* *• Егер сіз суықта қолғапсыз жүрсеңіз не болады?* ***Сергіту жаттығуы.*** *Таңертең ерте тұрамын, Беті қолды жуамын. Апам берген киімді, Өзім киіп аламын. Кешке үйге келгенде, Бәрін жинап қоямын.* ***Пакеттен шыққан тапсырма.*** *Аюдың кофтасын боя Тиіннің юбкасын жапсыру Білмесбектің қалпағын мүсіндеу Машаға тігін машинасын құрастыр.* ***Балалардың жұмысын көрмеге апару, суретке түсіру, балалаларды мадақтау.*** .

	- Ағаштар да адамдар сияқты тыныс алуды қажет етеді. *Біз сияқты өсімдіктерге таза ауа қажет. Олар кірден өледі . Сонымен қатар, ағаштардың өзі ауаны тазартады .* ***-Жел – өсімдіктердің тозаңын тасымалдайды****.Шырша, қарағай, сонымен қатар тұқым таратады* ***-Құстар - әртүрлі ағаштардың өмірінде әртүрлі рөл атқарады .*** *Құстар жемістерді жеп, тұқым таратады, ағашта мекендейтін жәндіктермен қоректенеді .* ***-Аралар, көбелектер және басқа да жәндіктер*** *гүлдерден шырын - шырын ішеді және оларды тозаңдандырады.* ***-жауын құрттары*** *топырақты қопсытып, өсімдіктің дамуына қолайлы етеді.* ***Дид ойын: «Ағаш өсіру»*** ***Шарты:*** *Ағаш өсу үшін керек заттарды орналастыру.* *Балаларды топқа бөлу.* ***1-топ:*** *А3 форматта салынған ағаш суретін құрастыру.* ***2-топ:*** *Салынған А3 форматта ағаш макетіне Күн суретін жапсыру.* ***3-топ:*** *Ағашқа ағып жатқан суды бояу.* ***4-топ:****Құс мүсіндеу.*	*біздің аяғымыздың астында қанша жапырақ бар!* *Олардың үстімен жүреміз.* *Сендер иіс сездіңдер ме?* *Балалар: Иә, жапырақтардың иісі бар.* *Тәрбиеші:Не естіп тұрсыңдар?* *Балалар: Жапырақтардың сыбдырын естиміз .* *Тәрбиеші: Қалай ойлайсыңдар, неге жапырақтар сыбдырлайды?* *Балалар: Өйткені олар құрғақ.* ***Дид ойын: «Күзгі жапырақтар әлемі» Сурет салу.*** *Шарты: Жапырақтарға сары бояу жағып қағаз бетіне бастыру.* ***№2-тәжірибе:*** *Тәрбиеші: Серуенде ағаштардан жапырақтардың әр түрлі түсетінін байқадыңдар ма ?* *Қай жапырақ тез, қайсысы баяу түседі, қай жапырақ әдемі айналып тұрғанын білу үшін тәжірибе жүргізейік .* *Мұны істеу үшін әртүрлі өлшемдегі жапырақтарды алайық , қолымызды жоғары көтеріп, саусақтарымызды бос ұстаймыз. Жапырақ ұшып жатқанда, оның ұшуын мұқият қадағалаймыз.* *Балалар: Үлкен жапырақтар баяу түседі және айналмайды ,* *Ал,кішкентай жапырақтар тез түседі және көбірек айналады.*	***Балалардың білімін нығайту****. Тақпақ оқу.* *Қарашы күз келді, күз келді* *Жапырақ жауыпты іздерді.* *Құс біткен керуен тізеді,* *Қара бұлт қабағын түйеді* ***Сұрақ жауап****.* *-Күз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?* *-Күзде жапырақтардың түсі қандай болады?* *-Құстар қай жаққа ұшып кетеді?*		

	Тыныс алу жаттығуы: ***Ауамен демаламыз*** ***2-тапсырма*** ***Қайың мен көктеректің айырмашылығы неде?*** *- Олардың діңінің түсі әртүрлі. Қайыңның ақ діңі қара жолақтары бар, ал көктеректің сұр-жасыл діңі бар.* *– Қайыңның ақ діңін бір сөзбен қалай айта аласың?* ***- АҚ ҚАЙЫҢ.*** ***әлемде ақ қабығы бар жалғыз ағаш .*** *- Балалар, қалай ойлайсыңдар, қайың ағаштарында неліктен қара сызықтар бар?* *- Қайың олар арқылы тыныс алады екен, жасымық деп атайды екен.* ***- Бұл ағаштардың тағы қандай айырмашылығы бар ?*** *- Жапырақтарға назар аудару. Олар бірдей ме?* *- Әртүрлі. Көктерек жапырағы дөңгелек, жиектері толқынды, ал қайыңның тікенек жапырақтары бар.* *Бұтақтарды қарастырайық. Оларды ұстап, салыстыру.* *- Көктерек бұтақтары күшті.* *Ал қайың бұтақтары жұқа, икемді, нәзік.* *– Қайыңның самал жел соққанда бұтақтары өріледі.* ***- Жарайды, бізде бір конверт қалды. Қандай нөмірмен? (үш) .*** *Қызық, бұл*	***№ 3-тәжірибе.*** *Тәрбиеші: Ал енді балалар біз тағы бір тәжірибе жасаймыз. Біз құрғақ жапырақтарды бассейнге саламыз , жапыраққа жаңбыр жауғандай суарғыштан су құямыз. Біраз уақыттан кейін олармен не болатынын көреміз.* ***Осы арада «Жаңбыр» ойынын ойнайық.*** ***Музыка әуенімен*** *Санамақ тақпақтың көмегімен «Жаңбырды» таңдаймыз.* *Жаңбыр бала киімін киіп, қолына тамшыларды ұстайды.* *Шеңберде еңкейіп отырған балалар бұлт. «Жаңбыр» шеңбер ішінде, балалардың қасында жүріп, тамшыларды соларға қарай тербетіп, әнін айтады:* *- Тамшы-тамшы, тамшы-тамшы,* *Осылай тамшылаймын көпке,* *Мен қаласам барлық балаларды* *Барлық жапырақтарды сулаймын әсте* *Балалар орындарынан тұрып, қол ұстасып, шеңбер бойымен билеп, ән айтады* *Жаңбыр бізді бекер қорқытпаңыз,* *Біз сенен қорықпаймыз.* *Қалағаныңша тамшылат* *Тамшың бізді суландыра алмайды.*			

	конвертте не жасырылған? ***Тапсырма*** ***Қылқан жапырақты орманда қандай ағаштар өседі?*** *- Ары қарай жүру керекпіз.* ***Жолда бізді көңілді ету үшін достар туралы ән айтамыз .*** *Ал біздің жолымызда –* ***ҚЫЛҚАНДЫ ОРМАН.*** *Неліктен бұлай аталады,* *-Қылқан жапырақты орманда қарағай, шырша өседі.* *-Кім шырша мен қарағай туралы жұмбақ біледі?* ***Тікен, тікен тік пісте*** *Қыс пен жазда бір түсте.* ***(Шырша)*** ***Дауылға да, аязға да,*** *Шыдап бағар мізбақпай.* *Тау етегі тұрағы,* *Жап-жасыл боп тұрады.* ***(Қарағай)*** ***Неліктен бұл ағаштар жасыл ?*** *Басқа ағаштар сияқты жапырақтарын төкпейді .* *- Шыршалардың жоғарғы бұтақтары жас, қысқа, ал төменгі жағында ескі , ұзын. Қабығы қараңғы, кедір-бұдыр.* *-**Қарағайдың діңі қандай?*** *ашық-жасыл* *Қарағайдың ағашы мықтылығымен және қаттылығымен ерекшеленеді. Оны кеме құрылысында, авиацияда, теміржолда және құрылыста кеңінен*	*Жан-жаққа жүгіру, жаңбыр оларды қуып жетіп, оларды сулауға тырысады. Музыка аяқталғаннан кейін барлығы тоқтайды, «Жаңбыр» тигізген балалар қолдарын көтереді. Бәрі бірге санын санайды.* *Тәрбиеші: Ал енді жаңбырдан суланған жапырақтарға не болғанын тексерейік.* *Балалар: Жапырақтар жұмсақ болды, олар ешқандай сыбдырламайды.* *Тәрбиеші: Дұрыс, дымқыл жапырақтар сыбдырламайды, жұмсақ, ауыр болады, олар ұша алмайды..* ***Дид ойын: «Кім тапқыр»*** *Жұмбақ жасыру.* *Тіл алсаң тиме,* *Үсті толған ине.* *Бірде жүрсе собалақ,* *Бірде жүрер домалап.(Кірпі)* ***Шығармашылық жұмыс.*** *Балаларды топқа бөлу.* ***1-топ:** Кірпіні қиып жапсыру* ***2-Топ:** Алманы мүсіндеп кірпінің үстіне жапсыру.* ***«Кірпі» саусақ жаттығуы*** *Момақанмын алайда (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады)* *Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды).* *Кіріп кетсе қолыңа,* *Өкпелеме жарайма!* ***Кірпі:** Қыста күн өте суық, менің жейтін ештеңем*			

	қолданады. *Қарағай шыршаға қарағанда биік түзу өседі. бұтақтары тек жоғарғы жағында болады.-* ***Қарағай ғана өсетін орманды ҚАРАҒАЙЛЫ ОРМАН деп атайды.*** *- Орманды аралаудан шаршадық па? Кәне, ашық жерге отырып, қарағай мен шыршаның бұтақтарына және олардың шыршаларына қарайық.* *-Олар қалай ұқсас?* *- Қарағайдың бұтағы жасыл, шыршаның бұтағы жасыл. Қарағайдың инелері бар, ал шыршаның да инелері бар.* *- Инелер әлі ұқсас емес екенін байқадыңдар ма?* *-Қарағайдың инелері қандай?* *- Ұзын, жұмсақ, жасыл.* *-Шырша ше?* *- Қысқа, тікенді, қоңыр.* *- Қарағай инелері жұп болып өседі, ал шырша инелер бір-бірден өседі.* ***Дид ойын: «Әр ағаштың өз жапырағы бар»*** *Мына карточкаларда – қылқан жапырақты және жапырақты ағаштар . Осыған байланысты әр ағашқа өз жапыраған жапсыру керек.* *- Міне, біз барлық сұрақтарға жауап бердік. Біздің қайтуымыз керек.* ***Сиқырлы сөздерімізді еске түсірейік .*** ***Бір, екі, үш иілу***	*жоқ.Балалар мен сендерге көмек сұрауға келдім. Көп ұзамай мен күзенімде, ескі діңгек астында ұйықтаймын. Бірақ күзенімді жабу үшін өзіме құрғақ жапырақтарды жинап үлгермедім. Сендердің аулаларыңдағы құрғақ жапырақтарды жинауға көмектесіңдерші .* ***«Жапырақтарды жинаймыз» ауладағы еңбек*** *Кірпі балаларға алғысын білдіреді, балаларға алма береді,* ***Нәтиже .*** *Тәрбиеші: Біздің серуеніміз аяқталды. Балалар, сендерге тапсырмаларды орындау, зерттеу жұмыстарын жүргізу қиын болды ма? Сендерге не ұнады? (Балалардың жауаптары).* ***Ағаш макетін құрастыру.*** *Егер серуен ұнаса, онда ағашқа жапырақ жапсырамыз, ал ұнамаса бір жапырақты шалшыққа жабыстырыңыз.*			

	Бір, екі, үш айналады ***Бір, екі, үш секіру*** ***Ал сен бақшадасың.*** ***Қортынды,сұрақ-жауап.*** ***Балаларды мадақтау.***				
Серуенге дайындық	***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*				
Серуен	***Картотека №8*** *«Жылы жаққа қайтқан құстарды бақылау»*	***Картотека №11*** *Бақылау: Күнді бақылау.*	***Картотека №14*** *Бақылау: ауа- райын бақылау*	***Картотека №17*** *«Күз көрінісін бақылау»*	***Картотека №18*** *Бақылау: Күзгі жапырақтарды бақылау.*
	Серуен картотекасынан				
Серуенненоралу	*Тазалық процедурасы.* *Қолдарын сабынмен* *жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу* *Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.* *Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.*				
Түскіас	*Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау*				
Күндізгі ұйқы					
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру – шаралары.	***№ 2*** *Балапандар тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Жан-жаққа біз қарайық* *Бір күлімдеп алайық.*	***Жаттығу кешені №6*** *Балалар тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Қолымызды созып* *Шынығып бір алайық.*	***Жаттығу кешені №7*** *Балапандар тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Жан-жаққа біз қарайық* *Бір күлімдеп алайық.*	***Жаттығу кешені №8*** *Ұйқыдан біз тұрамыз* *Көзімізді ашамыз* *Жан-жағымызға қарайық* *Төсектен біз тарайық*	***Жаттығу кешені №9*** *Ұйқыдан біз тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Анда- мында созылып* *Тарқасайық, тұрайық*
	Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан				
Бесінас	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары. Бейнелеу әрекеті, кітап тарқарау және тағы басқа әрекеттер)	***Менің сүйікті бұрышым.*** ***Балалар әр түрлі иллюстрациялар қарау*** ***Тосын сәт.*** *Көмекші апай топқа хат жіберілгенін айтады* *Тәрбиеші:* *- Балалар, қандай тамаша! Мына жақындаңдар хатты оқиық!* *Педагог конверттен*	***Менің сүйікті бұрышым.*** ***Балалар конверт табады*** *Тәрбиеші: Балалар, қалай ойлайсыңдар, онда бірдеңе бар ма? (жауаптар).* *конверттің тексеру.* ***Дид ойын: «Жамауды тап»*** *Балалар үстелдің үстіндегі киімдерге жамауларды пішіндер бойынша табады.*	***Шығармашылық бұрыш.*** ***Тосын сәт*** *Күз ханшайымынан хат келу.* *Құрметті балалар, мен күз ханшайымын, маған күз мерекесіне арналған мерекелік көйлек керек, оны қайдан аламын* *Сұрақ-жауап.* *- Қандай киімдер ең әдемі?* *Мерекелік киімдер*	***Дид ойын: «Бұл заттар не үшін?»*** *Тәрбиеші: Ал, енді мен сендерді қимыл деп атаймын, ал сендер маған осыған қажетті тақырыпты айтасыңдар.* *киімді біріктіру - түйреуіштер кестелеуші – инелер мен жіптер*	***Магниттік басқатырғыштар*** ***Дид ойын: «Қуыршақты киіндір»*** *- магнитті бөлінген суреттерден кескін жасаңыз, бір қуыршаққа арналған киімдердің әртүрлі нұсқаларын алу арқылы қуыршақты киіндіру.*

	Білмесбектің суретін шығарады. *Бұл кім балалар?* *(Балалардың жауаптары.)* *Хатты оқу.* *«Сәлеметсіздер ме, балалар. Сіздерге білмесбек хат жазып отыр.* *Маған сіздерден көмек керек. Білім ханшайымы менен жұмбақтар сұрады. Ал мен оларды таба алмадым. Мен қатты ұялдым. Мен мұны жалғыз жасай алмаймын. Көмектесіңіздерші.* *Балалар Білмесбекке көмектесеміз бе?* ***Дид ойын: «Кім тапқыр?»*** ***Жұмбақ жасыру*** *Адамның сәні,* *Онсыз жоқ мәні.* ***Бұл не? (киім)*** *Бір нәрсе менен биік,* *Кейде менен аласа.* *Мұндай қызық дүниеде,* *Көріп пе едің тамаша.* ***(Бас киім)*** *- Ерте тұрдым,* *Екі айыр жолға түстім.* ***(Шалбар)*** *- Әр түрлі болып келемін,* *Қыз бен ұл деп бөлемін.* ***(Көйлек)*** ***«Жанды сөлемдер» ойыны.*** *Шарты: Жұмбақтың шешуінен шыққан сөздерді қатыстырып, сөйлем құрау. Білмесбекке жіберу.*	*1 –ші киімге тапқан жамауды сол киімдерге сәйкес түспен бояу.* *2.Балалар киімге дұрыс жамау тауып жапсыру* *3.Күздік киімдерді құрастыру* ***Ой қозғау.*** *Тәрбиеші: Айтыңызшы, киім тігу үшін не керек? (ине, үтік, қайшы, тігінші, тігін машинасы).* ***Қимылды ойын:*** ***- «Ине мен жіп»*** *Шарты: Бастаушы ине, бірінің артынан бірі ілесе жүргендер жіп, Балалар үзіліп кетсе жіп үзілген болады.* ***Санамақ*** *Бір дегенім –бөрік ,* *Бойға берер көрік.* *Екі дегенім - етік,* *Киер сәнді етіп.* *Үш дегенім- ішік,* *Теріден тігер пішіп.* *Төрт дегенім- тымақ,* *Қыста кисең жылы –ақ.*	*-Мерекелік киімдерді қашан киеді?* *Күз ханшайымының көйлегінің түсі қандай болу керек?* *Неге?* ***Дид ойын: «Ханшайымның көйлегі»*** ***Балаларды топқа бөлу.*** ***1-топ:*** *Дәстүрден тыс әдіс бойынша трафаретте мақта таяқшасымен күз ханшайымын көйлегін бояу.* ***2-топ:*** *Ханшайымның көйлегіне жапырақтар жапсыру.* ***3-топ:*** *Ханшайымның себетіне жемістер мен көкөністер мүсіндеу.* ***4-топ:*** *Күзгі орман құрастыру.* ***Дид ойын: «Керісінше айт».*** *Мен сендерге допты лақтырып, қимылды айтамын, ал сендер маған қарама-қарсы қимылды айтасыңдар* *мысалы: жуу –кір,* *шешіну- киіну,* *аяқ киімді кию - аяқ киімді шешу, сатып алу - сату,* *байлау- шешу,үтіктеу-умаждау, ілу-тастау, тігу-жырту.* ***Тіл дамыту жаттығулары:*** *То - то - то - тон* *Де - де - де - жейде* *Лек - лек - лек - көйлек* *Ім - ім - ім - киім* *Ғап - ғап - ғап - қолғап* *Тік - тік - тік - етік*	*саусағын шаншып алмас үшін – оймақ* *тігу, жазу - тігін машинасы* *киімді кигізіп қою - манекен* *кесу - қайшы* *Киімді әдемілеу - үтік* *өрнек салу - бор мен сызғыш* *адам мен матаны өлшеңіз - сантиметр* ***Дид ойын: «Кім тапқыр?*** *»Дөңгелек өзі,* *Төртеу көзі.* *Ұстайды мықтап,* *Тұрғанды сырттап.* ***Түйме*** *Киімдегі қуыс,* *Ұсақ-түйекке ыдыс.* ***Қалта*** *Қолы бар,* *Саусағы жоқ.* *Мойны бар,* *Басы жоқ.* ***(Көйлек)*** *Гүлдері бар құлпырған,* *Кең жазықтан аумайды.* *Оған әркім ұмтылған,* *Киім киер оңтайлы.* ***(Мата)*** *Адамдардың киімін,* *Ұстап тұрар иығым.* ***(Киім ілгіш)***	***Дид ойын: «Көршіңді тап»*** *Тәрбиеші: бұл баланың не киетінін сөзбен сипаттайды, балалар оны киімінің сипаттамасы бойынша табу керек* *Рөлдік ойындар: «Ателье», «Киім дүкені».* ***Тақпақ жаттау.*** *Таза бала мұнтаздай,* *Сүйсінеді қараған.* *Ұқыпты деп дұл қандай* *Жақсы көрер бар адам.* *Ұқыпты осындай* *Болайықшы досым-ай.*

			Шын - шын - шын - құлақшын.		
Балалармен Жеке жұмыс	*Нұрға бөлеп өмірді, Жырға бөлеп көңілді, Жарқыраған сәулелі Күз әуені төгілді. Ғабит Сырымға айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіре алуға қалыптастыру*	*Келді міне күз, Айнала сары түс. Керемет, тамаша, Қандай әсем күз. Асанбек Нұрғалиге әнді топпен бірге бастап, бірге аяқтауға үйрету*	*Думан толы асқарлы Күз мезгілі басталды. Күз әуені кеп жетті, Әнге бөлеп жастарды. Бақберген Ақмөрге қарапайым себеп-салдарлық байланысты орнатауға дағдыландыру*	*Жеміс - жидек пісті, Қамбаға астық түсті. Қызу жұмыс басталып, Жинап алды жан салып. Қуандық Айсұлтанға шаманы салыстыруда үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданауға үйрету*	*Көктен көзін бір алмай, Қызғылт тартты кәрі құз... Жер қызығын қия алмай, Маужырап тұр сары күз... Муратхан Жансаяға 5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атауға үйрету*
Серуенгедайындық	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау*				
Серуен	***Картотека №8*** *«Жылы жаққа қайтқан құстарды бақылау»*	***Картотека №11*** *Бақылау: Күнді бақылау.*	***Картотека №14*** *Бақылау: ауа- райын бақылау*	***Картотека №17*** *«Күз көрінісін бақылау»*	***Картотека №18*** *Бақылау: Күзгі жапырақтарды бақылау.*
	Таңғы серуенді бекіту.				
Балалардың үйге қайтуы	*Ата-аналармен балабақша күн тәртібі туралы әңгімелесу*	*Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.*	*«Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата аналармен кеңестер жүргізу*	*Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.*	*Баланың тәрбиесі туралы әңгімелесу.балабақшаға уақтында келуді айту.*

Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы

Білімберуұйымы (балабақша/шағын орталық,мектепалды сыныбы)

Топ: Ересек Бәйтерек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 21.11 – 25.11.2022ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	*Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.*				
Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру	*«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналарға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	***Картотека №10*** ***Танып ал да, атын ата*** ***Мақсаты:*** *заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.*	***Картотека №13*** ***«Қайсысы қайда тіршілік етеді?»*** ***Мақсаты:*** *суреттен көрген заттарының аттарын тап, олардың қайда өмір сүретінің айтқызу.*	***Картотека №14*** ***«Дастархан мәзірі»*** ***Мақсаты:*** *балаларды тағамдардың жалпы және жеке атауы, ажыратып атай білуге үйрету.*	***Картотека №17*** ***«Сөйлемді жалғастыр»*** ***Мақсаты:*** *балаларды берілген тапсырманы мұқият тындап орынауға, сөйлемді жалғастыра білуге, сөйлемнің неше сөзден құралғанын айтуға үйретіп, тапқырлыққа баулу.*	***Картотека №18*** ***«Қайсысы ұнайды?»*** ***Мақсаты:*** *суреттен көрген заттарының атын атап, суреттеп, қайсысының ұнайтынын, не үшін ұнағанын айтқызу.*
	Коммуникативтік дағдыларды дамыту				
Таңертенгі жаттығу	*Қараша айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген* ***Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау***				
Таңғы ас	*Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.*				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	*Жарқырап күнде ашылды, Айналаға гүл шашылды. Қайырлы күн! Біз нәзік қыздармыз! Қайырлы күн! Біз ержүрек ұлдармыз!*	*Қуанамын мен де, Қуанасың сен де. Қуанайық, достарым, Жарқыраған күнге!*	*Кел балалар күлейік Күлкі менен түлейік Күлкі көңіл ашады Күліп өмір сүрейік!*	*Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз! Күлімдеген күндейміз! Еш уайымды білмейміз*	*Армысың алтын күн, Армысың көк аспан. Жылуыма жылу қос, Міне менің қолым,*
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	***Қызығушылықты ояту*** *Балалар, мен бүгін балабақшаға келіп, үстел үстінен хат көрдім. Бізге кім жібергенін білмеймін? Оған қол қойылмаған. Қолтаңбаның орнына жұмбақ жасырған. Бізге хатты кім жібергенін*	***Дене шынықтыру.*** ***Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша.*** ***Музыка.*** ***Музыка жетекшісінің жоспары бойынша***	***Дене шынықтыру.*** ***Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша.*** ***Қызығушылықты ояту*** *Балалар, біздің топқа*	***Музыка.*** ***Музыка жетекшісінің жоспары бойынша*** ***Қазақ тілі*** ***Қазақ тілі жоспары 0бойынша***	***Дене шынықтыру.*** ***Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша.*** ***Ой дамыту.*** *Үй құстары туралы*

	білгілерің келе ме? *Олай болса жұмбақты бірге шешейік:* ***Дид ойын: «Кім тапқыр?»*** *сәбіз мұрын,* *Қолында сыпырғыш* *Күннен және ыстықтан* *қорқады. (қар адам)* ***Хатты оқу:*** *«Сәлем менің кішкентай достарым!* *Қыс келіп қалды - жылдың ең суық мезгілі басталады. Аяз, боран болады. Су қоймалары қатып қалады.* *Жерді қар басып қалады. Менің ең үлкен уайымым – менің қанатты достарым.* *Бұл олардың өміріндегі ең қиын кезең. Менің қауырсынды достарыма қыстан аман шығуға көмектесіңізші!»* *Балалар, қар адам неге көмек сұрады? Қауырсындары кімдер?* ***Балалар: Бұл құстар.*** ***Ой қозғау.*** ***АҚТ технолгиясымен жұмыс.*** *Мына құстарды анықтайық? - Құстар – ұшуға бейімделген, алдыңғы аяқтары қанатқа айналған, денесі қауырсынмен қапталған* *-Құстардың басқа жануарлардан айырмашылығы қандай? тұмсығы, қанаттары, қауырсындары бар* *-Неліктен құстың тұмсығы бар?* *Құсқа қанат не үшін қажет?* ***Құстарға қауырсын не үшін қажет екенін білгілерің келе ме?*** ***Олай болса зерттеу жұмысын***	***Ғажайып сәт*** ***«Құстардың даусы» аудиожазбасы*** *Із қалдырған не? (құстар)* *- Қалай болжадық? (аяқ іздері мен қауырсындардан кейін)* *Бізбен бірге қыстаған құстарды қалай атаймыз? Ал бізден ұшып кететін құстарды қалай ататймыз? Балалар, құстар неге жылы жаққа ұшады?* *- Бүгін қандай құстардың ізі мен қауырсыны қалды? Неліктен?* *Дәнмен қоректенетін жануарларды құс деп атауға бола ма? Жоқ, көптеген жануарлар астық жейді - кеміргіштер, жылқылар т.б Аңдарды, ұшатын жәндіктерді құс деп атауға бола ма? (Қандай қанаттары бар?) (Жоқ. Құстардан басқа көбелектер, қоңыздар, масалар, жарқанаттар ұшады.)* *Жұмыртқа салатын жануарлар мен жәндіктерді құс деп атауға бола ма? (жоқ. Құстардан басқа барлық жәндіктер, құрттар, тасбақалар, жыландар жұмыртқа салады)* *Тұмсығы бар жануарларды құс деп атауға бола ма? (Жоқ, кейбір жануарлардың да тұмсығы болады, мысалы, платипус).* *Сонымен, құстарда басқа*	*ауылдағы әжеден хат келіпті. Оның ішінде не бар екенін білгіңіз келе ме?* ***Балалар:*** *Иә.* ***«Сәлеметсіздер ме, құрметті балалар! Қиындыққа тап болдым. Менің жақсы көретін тауығымды қаршыға ұрлап, жасырып қалды. Маған тауықты табуға көмектес»*** ***Тәрбиеші:*** *Балалар әжеге көмектесеміз бе? (Иә).* *Арина әже тұратын ауылға қалай жетеміз? (автобуспен, пойызбен)* *Мен поездға отыруды ұсынамын, ол үшін мына пішіндерден поезд құрастырып алайық.* *Поезд құрастыру.* ***Аудиодан поезд дыбысы.*** *Балалар, біз де келдік, бұл біздің аялдама. Бізді кім қарсы алып тұр.* ***Әже (АҚТ технологиясынан)*** *Әженің қолында конверт бар. Қызық, оның ішінде не бар? Мен конвертті ашайын. Балалар, қараңдаршы, мұнда не сызылған?* ***Балалар:*** *Құстарды қоректендіргіш.* ***Тәрбиеші:*** *Бәлкім, қаршыға тауықты «қоректендіргішке» тығып қойған шығар?* ***Қарайық*** *Астық науасынан балалар суреттердің бөліктерін тауып, құрастыру.*	***Қызығушылықты ояту.*** *Үстелде жұмыртқа үстінде тауық (ойыншық) отырады.* ***Шұбар тауық*** ***Ұлықбек Есдәулетов*** *Шұбар тауық мүлдем,* *Жолатпайды барса.* *Ұясында жүрген* *Балапаны қанша?* *Балапанын тауық* *Қызғанады жаман.* *Қанатымен жауып,* *Санатпайды маған.* ***Ой қозғау.*** *Балалар, тауық деген не?* *Аң ба, құс па немесе жәндік пе?* ***Балалар:*** *құс* *Ал қандай құс? Үй құсы.* *Тағы да қандай үй құстарын білесіңдер? Балалар, айтыңдаршы, үй құстары не жегенді ұнатады?* *Ал, тауығымызды тамақтандырайық, ол көптен бері отырып, аш болған шығар.* ***Дид ойын: «Дәндерді ажырат»*** ***Шарты:*** *Саусақ моторикасын дамыту мақсатында қалташалардағы дәндерді ажырата білу. Тауыққа тары дәнін тауып беру. Арпа, күріш, тары, фасоль дәндері)* ***Тәрбиеші.*** *Балалар, қалай ойлайсыңдар, тауық неге жұмыртқаның үстінде отырады? Тауық – құс, ал барлық құстар жұмыртқадан пайда болады*	*әңгімелесу* *- Құс қорасынан нені көріп тұрсыңдар?.* *-Оларды бір сөзбен атаңыз. (Құстар).* *-Бұл қандай құстар? (Бұл үй құстары).* *Неліктен олар үй деп аталады? (Өйткені олар адаммен бірге тұрады, адамдар оларды баяғыда қолға үйреткен, қазір оларға қамқорлық жасайды, тамақтандырады, емдейді).* *- Құс қай жерде мекендейді? (Құс ауласында, құс қорасында).* *- Үй құстары тағы қай жерде өмір сүре алады? (Құс фабрикасында).* *Құс бағумен айналысатын адамды қалай атайды? (Құс шаруашылығы, құс қорасы)* ***Ой қозғау.*** *- Тауық тұқымдасының барлық мүшелерін ата.* *- Суретке қарап, әтештің тауықтан айырмашылығы неде, олар несімен ұқсас екенін айт?* *(Тауық пен әтештің денесі қауырсынмен жабылған, қанаттары, құйрығы, екі аяғы, басы тарақ және тұмсығы бар. Бірақ әтештің құйрығы үлкенірек және*

	жүргізейік ***Тәжірибе №1*** *Құс қауырсындарын зерттеу:* *«Құстардың қауырсындары қалай орналасады»* *Біз оны саусақтармен тексереміз. Не байқадың? (тығыз, қатты, үлкен)* *Жеңіл ме, ауыр ма?* *-Балалар бір қолдарына қауырсын, екіншісіне тас қояды.* ***Қорытынды: Қауырсын жеңіл, тас ауыр.*** *Тасқа, сосын қауырсынға үрле.* *Не көріп тұрсыз?* *Тас қозғалмайды , ал қауырсын ұшып кетті..* *Неліктен? Қауырсын жеңіл.* *Ал оны не жеңілдетеді?* ***Тәжірибе №2*** *- Мен қауырсынның ұшын кесіп аламын. Біз не көріп тұрмыз?* *Біз бос орынды көреміз, бос орынға сіз түсті сымды салып көріп, тексеруге болады* *Қауырсын бос, сондықтан жеңіл.* *Құстың денесі қауырсынмен тығыз жабылған. Егер қауырсындары ауыр болса, құс бұтақтарға отыра алмайды, бұтақтар сынып қалады. Бірақ құстар уақытының көп бөлігін ағаштарда ұя салу, ұйықтау, жаулардан қашумен өткізеді.* ***Тәжірибе №3*** *Қане, үлкейткіш әйнекпен қауырсынды қарайық.* *Қарап отырсаңыз, қауырсынның бетін бекіту арқылы мықтап және оңай жалғанатын шығыңқы жерлер*	*жануарларда жоқ не бар?* *Балалар біраз ойланып, өз бетінше аталған жануар түрлерінің қауырсындары жоқ деген қорытындыға келеді.* *- Дұрыс. Өйткені, Құстардың екінші аты бар: қауырсындылар. Құстардан басқа ештеңеде қауырсындар жоқ.* *Бұл оларды басқа жануарлар мен жәндіктерден ерекшелендіреді.* *Қауырсындар* ***Бірақ қай қауырсын қызықты, қайсысы әртүрлі, мен оларды зертханамызда зерттеуді ұсынамын.*** ***Негізгі бөлім.*** ***№1 тәжірибе.*** ***Қауырсынды лақтыру.*** *Сіз не көріп тұрсыз?* *Қауырсынды лақтырғанда не байқадыңыз?* *Қауырсын баяу құлайды, ақырын айналады. Өйткені ол өте жеңіл* ***Тәжірибе №2*** ***Қауырсынның іші неге бос?*** *Қауырсынның шетін кесіңіз - біз бос орынды көреміз, сіз түсті сымды салып, бос орынды тексеруіңізге болады.* *Қауырсын жеңіл, таяқшасы бос, іші қуыс.* ***Тәжірибе № 3.*** *Қауырсындар қайда орналасады?* *Қауырсынды тер, сен не сезесің? Ауа* *- Құс қанаттарын қаққанда,*	***Ой қозғау.*** *Балалар, суреттерде нелер бар?* *Балалар: Әтеш пен балапан, бірақ тауық жоқ.* *Тәрбиеші: Балалар, қараңдаршы, науаның астында тағы бір конверт жатыр, көрейік ішінде не бар?* ***Тапсырма:*** *Жұмбақтарды шешіп, жауабын табыңдар.* *Орақ құйрық, тарақ бас,* *Көп ұйқыны жаратпас.* ***(Әтеш)*** *Кеудесі қайқаңдап,* *Жүреді балпаңдап.* ***(Қаз)*** *Қық-қық етеді,* *Кезіп жүріп көшені.* *Жата қалса орнына,* *Ақ доп тастап кетеді.* ***(Тауық)*** ***Шығармашылық жұмыс*** ***Балаларды топқа бөлу*** ***1-топ:*** *Дайын әтеш суретін мақта таяқшасымен бояу* ***2-топ:*** *Дайын қаз суретін тіс щеткасымен бояу* ***3-топ:*** *Тауық суретін трафареттен губка арқылы бояу.* ***Тәрбиеші:*** *Жұмбақтарды таптық, енді қайда барамыз?* *Сәл тынығып алайық* ***Сергіту сәті. Музыкамен «Шөжелерім»*** ***Тәрбиеші:*** *Біз демалдық, тауықты іздеуді*	*Бірақ кез келген жұмыртқадан емес, бұл белгілі бір шарттарды, жылуды қажет етеді. Біздің тауық жұмыртқаны инкубациялайды, оларға жылу береді, кейін ол балапан шығарады. Тауық балалары қалай аталады?* ***Шөже.*** ***Ой дамыту*** *Балалар, тауық жұмыртқасымен жақынырақ танысып, оның таңғажайып қасиеттері туралы білгіңіз келе ме?* ***Шығармашылық бұрыш.*** ***Балаларды топқа бөлу.*** ***1- Топ:*** *Тауықпен әтешті құрастыру* ***2-топ:*** *Балапандарды туықтың қасына жапсыру* ***3-топ:*** *Тауықтарға мақта таяқшасымен жем салу* ***4-топ:*** *Ермексаздан жұмыртқа мүсіндеу.* *Міне біз толық жұмысты бітірдік, енді жұмысымызды ары қарай жалғастырамыз. Біз тауықтың басып жатқан жұмыртқаларына қол тигізе алмаймыз, әйтпесе балапандар шықпайды.* ***Тауықтың балапаны*** • ***Ертай Ашықбаев*** ***Бұл балапан қандай мықты, Жұмыртқаны жарып шықты.*** ***Шыға салып ерінбеді,***	*әдемірек, ол тауықтан гөрі керемет. ; оның тарағы тауыққа қарағанда үлкенірек және жарқыраған Әтештің табанында шұңқырлары бар)* *- Әтеш дауысы қалай не істейді? (Әтеш шақырады: "коо-ка-ре-ку.")* *Ал тауық? (Қақылдап: «ко-ко-ко.»)* *- Тауықтың адамға қандай пайдасы бар? (Тауықтар адамға жұмыртқа, етін – береді, оны адам жейді. Тауықтың мамығы мен қауырсынынан көрпе, жастық, қысқы жылы киімдер: бас киім, мамық күртеше жасалады.)* ***Тыныс алу жаттығуы «Қауырсынды ұшыру»*** ***Дид ойын: «Кім тапқыр»*** *Жұмбақты шешу:* *Айдыннан шалқыған* *Телпек көрдім қалқыған.* *(Үйрек)* *- Үйрек тұқымдасының барлық мүшелерін ата. Үйректер қалай қозғалады? Олар не істей алады? (Үйректер жүре алады, жүзе алады, сүңгиді, ұша алады.) Үйректердің ұшуына не көмектеседі. Үйректердің дене бөлігін атаңыз. (Қанат*

